

"Алматы Құс фабрикасы "Жетысу" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгілеу туралы

Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 434 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына, 67 бабы, 69 бабына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, жер экспликациясы негізінде және "Алматы Құс фабрикасы "Жетысу" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтінішін қарай келе Жамбыл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Алматы Құс фабрикасы "Жетысу" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ақсеңгір ауылдық округінің аумағында орналасқан жер учаскелері, жер экспликациясына сәйкес жер пайдаланушылардан алынбай, алаңы 24,3770 гектар жер учаскелеріне, инженерлік инфрақұрылым жұмыстарын жүргізу үшін, жер учаскелерінің меншік иелерімен 25 жыл мерзімге жария сервитут белгіленсін

2. "Алматы Құс фабрикасы "Жетысу" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жер учаскелерін нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру және жер пайдаланушылармен жасасқан шартта шығынды өтеу бойынша міндеттерін және басқа да шарттарды анықтау ұсынылсын.

3. "Жамбыл ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Алматы облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Жамбыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

8	Даулет Бауыржан 8811043029 58	03-045-062- 663	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді пайдалану	17,4000	1,2668	17,4000	
9	Борашева Самал Жумабаевна 76,02114004 97	03-045-062- 520	Ж е к е меншік	8,3200	0,1175	8,3200	
10	Ауданның жер қоры	03-045-062			13,6160		
	Барлығы				24,3770		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК